

6В02304 Филология: қазақ филологиясы

3 курс

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
6.1 Модуль. Абайтану және филологияның өзекті мәселелері (25академиялық кредит)				
КП ТК	АТ 3301	Абайтану	5	5
КП ЖК	KSS 3302	Құрмалас сөйлем синтаксисі	5	5
КП ТК	ShAT 3303	Шетел әдебиетінің тарихы	5	5
БП ЖК	KKTZhS 3214	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	5	5
БП ТК	Kat 3215	XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы	5	5
6.2 Модуль. Жұбановтану және тіл мен әдебиет салаларының негізгі мәселелері (25академиялық кредит)				
БП ТК	KZhFZ 3301	Қ.Жұбанов - әдебиет және фольклор зерттеушісі	5	5
БП ЖК	KSS 3302	Құрмалас сөйлем синтаксисі	5	5
КП ТК	ZhITs 3303	Жасанды интеллект және цифрландыру	5	5
БП ЖК	KKTZhS 3214	Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі	5	5
БП ТК	AA 3215	Алаш әдебиеттануы	5	5
7.1 Модуль. Риторика және дискурс теориясы мәселесі (10академиялық кредит)				
БП ТК	ShO 3216	Шешендік өнер	5	5
БП ТК	ADZT 3217	Ауызекі дискурстың зерделенуі мен тәжірибесі	6	5
7.2 Модуль. Журналистика теориясы мен практикасы (10академиялық кредит)				
КП ТК	ZhK 3304	Журналистикаға кіріспе (Minor)	5	5
КП ТК	TZh 3305	Тележурналистика (Minor)	6	5
КП ТК 7.3 Модуль. Қоғаммен байланыс негіздері (10академиялық кредит)				
КПТК	KBK 3304	“Қоғаммен байланысқа” кіріспе (Minor)	5	5
КП ТК	PRTP 3305	Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы (Minor)	6	5
8.1 Модуль. Менеджмент - көшбасшылық және қазақ әдебиетінің кезеңдері мен тіл білімінің салалары (25 академиялық кредит)				
КП ЖК	KKA 3306	Қазіргі қазақ әдебиеті	6	5

КП ТК	STM 3307	Стилистика және тіл мәдениеті	6	5
БП ТК	KAT 3218	Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихы	6	5
БП ЖК	MzhK 3219	Менеджмент және көшбасшылық	6	5
8.2 Модуль. Менеджмент - көшбасшылық және тіл білімі мен қазақ әдебиеті даму кезеңдері (25академиялық кредит)				
КП ЖК	ККА 3306	Қазіргі қазақ әдебиеті	6	5
КП ТК	NSN 3307	Неология саласының негіздері	6	5
БП ТК	KAT 3218	XX ғ. II ж. қазақ әдебиетінің тарихы (1960-1990 жж.)	6	5
БП ЖК	MzhK 3219	Менеджмент және көшбасшылық	6	5

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Абайтану

Бағдарлама авторы: Пангереев А.Ш., ф.ғ.д., профессор

Курсты оқытудың мақсаты: «Абайтану» пәнінің мақсаты – қазақтың ұлы ақыны, ойшылы және ағартушысы Абай Құнанбайұлының шығармашылығын, философиялық және қоғамдық көзқарастарын терең зерттеп, оның қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесін талдау. Пән арқылы студенттер Абайдың поэзиялық және прозалық еңбектерінің мазмұнын, олардың рухани, мәдени және тәрбиелік маңызын меңгереді, сонымен қатар Абайдың ойшылдық мұрасын қазіргі заманға бейімдеудің жолдарын қарастырады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Абайтану сан алуан маңызды мәселелерді қамтиды, шығармашылық жолының халықтық негіздерін, ұлттық сипатын айқындайды, лирикалық шығармаларының, дастандары мен қара сөздерінің тақырыптық, идеялық, жанрлық, тілдік ерекшеліктерін, ақындық тұлғасын, суреткерлік әдісін, көркемдік шеберлігін тереңдеп ашып көрсетуге қатысты мәселелерді, сондай-ақ ұлы ойшыл ақынның дүниетанымын, қоғамдық, философиялық, эстетикалық көзқарастарын зерттеу мәселесін айқындайды.

Пререквизиттері: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Алаш әдебиеттануы

Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Аймақтық әдебиеттану

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Абай Құнанбайұлының өмірі, шығармашылық мұрасы мен философиялық көзқарастары туралы терең білім алады; **В)** Абай шығармаларын әдеби-тарихи және мәдени контексте талдап, алған білімін практикалық талдауларда қолданады; **С)** Абай дүниетанымының идеялық, эстетикалық және ұлттық мәнін талдап, сыни пікір қалыптастырады; **Д)** Абай мұрасына сүйене отырып, ғылыми және шығармашылық тұрғыда ойды еркін жеткізеді; **Е)** Абайтануға қатысты зерттеу мен өзіндік ізденіс дағдыларын жетілдіріп, кәсіби дамуын жалғастыра алады.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Құрмалас сөйлем синтаксисі

Бағдарлама авторы: Айтбенбетова А.Қ., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақ тіліндегі сөз тіркесі мен жай сөйлемнің жасалу жолдары мен амалтәсілдерін, грамматикалық категорияларды, сөз тіркесінің құрылымын теориялық негізде игерту, тілдік элементтердің құрылымдық ерекшеліктеріне талдаулар жасау арқылы еркін пайымдай алатындай дәрежеде дағды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Құрмалас сөйлемнің синтаксисі курсын оқытуда қазақ тіл біліміндегі құрмалас сөйлемдер мәселелеріне арналған жаңа зерттеулердің нәтижелерімен таныстырылады. Жалпы тіл біліміндегі теориялық тұжырымдамаларды игертіледі. Құрмалас сөйлемдер, зерттелуі, құрмалас сөйлем түрлері, салалас құрмалас сөйлемдер, сабақтас құрмалас сөйлемдер, көп құрамды құрмалас сөйлемдер, түрлеріне анализ жасау, ажырату негізінде сөйлемдерге синтаксистік талдау жасап үйретіледі. Мәтінмен жұмыс жасау дағдыларын қалыптастырылады.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі

Постреквизиттері: Жалпы тіл білімі, Стилистика және тіл мәдениеті

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдердің түрлері мен құрылымдық ерекшеліктері туралы теориялық білім алады; **В)** Құрмалас сөйлемдерді талдау мен синтаксистік үлгілерді анықтауда алған білімін қолданады; **С)** Сөйлем құрылымдарының мағыналық және құрылымдық байланысын талдап, ғылыми қорытынды жасайды; **Д)** Синтаксистік талдау нәтижелерін сауатты жеткізіп, кәсіби тілде пікір білдіреді; **Е)** Синтаксис саласындағы білімін тереңдетіп, зерттеу және оқыту тәжірибесінде пайдалана алады.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Шетел әдебиетінің тарихы

Бағдарлама авторы: Сұлтанғалиева Ж.С., аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Шетел әдебиетіндегі әдеби бағыттармен, әдебиет өкілдерінің шығармашылығымен жан-жақты, тиянақты білім беру. Шетел әдебиеті мен қазақ әдебиеті арасындағы әдеби байланыстарды салыстыра отырып меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Студенттер «Шетел әдебиетінің тарихы» пәнін оқу барысында дүниежүзілік әдеби процестің заңдылығын түсініп, шығармалардың көркемдік маңызын қоғамдық жағдайлармен, заманның мәдениетімен байланыстыра оқиды. Шетел әдебиетінің рөлі мен орны, тарихи әдеби процестің негізгі ерекшеліктері, оның әдебиет пен мәдениеттің келешектегі дамуына ықпалы қарастырылады. Оған қоса көркем туындылардың дүниетанымдық, көркемдік, ұлттық ерекшеліктерінің орны жан-жақты меңгертіледі.

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті

Постреквизиттері: Шешендік өнер, Қазіргі қазақ әдебиеті

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Әлем әдебиетінің тарихи даму кезеңдері мен негізгі бағыттары туралы теориялық білім алады; **В)** Әдеби ағымдар мен шығармаларды тарихи-мәдени контексте талдап, алған білімін қолданады; **С)** Әртүрлі елдердің әдеби құбылыстарын салыстырып, эстетикалық және идеялық тұрғыда бағамдайды; **Д)** Әлем әдебиетіне қатысты ой-пікірін ғылыми және шығармашылық тұрғыда еркін жеткізеді; **Е)** Шетел әдебиетінің тарихын зерттеуге және кәсіби дамуға қажетті дағдыларды жетілдіреді.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі

Бағдарлама авторы: Садирова К.К., ф.ғ.д., профессор

Курсты оқытудың мақсаты: Қазақ тіліндегі сөз тіркесі мен жай сөйлемнің жасалу жолдары мен амал-тәсілдерін, грамматикалық категорияларды, сөз тіркесінің құрылымын теориялық негізде игерту, тілдік элементтердің құрылымдық ерекшеліктеріне талдаулар жасау арқылы еркін пайымдай алатындай дәрежеде дағды қалыптастыру

Пәннің қысқаша мазмұны: Жай сөйлемнің теориялық мәселелерін меңгерту, жай сөйлемнің айырым белгілері, типтері, баяндауыштарының бастауышпен қиысу мәселелері, жасалуы, қазіргі қазақ тілінің синтаксис саласының ғылыми негіздемесін меңгереді. Жай сөйлемнің негізгі ерекшелігі болып табылатын құрамындағы сөздердің өзара бір-бірімен семантикалық бірлікте болуы, екпін тұтастығы, сөздердің орын тәртібі,

тіл білімінің негізгі салаларының жіктелімін, ғылымдағы жаңа терминдермен таныс болады.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Қазіргі қазақ тілінің сөзжасамы мен морфологиясы

Постреквизиттері: Ауызекі дискурстың зерделенуі мен тәжірибесі, Жалпы тіл білімі

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Жай сөйлемнің түрлері, құрылымы мен компоненттер жүйесі туралы теориялық білім алады; **В)** Жай сөйлемдерді талдау мен синтаксистік үлгілерді анықтауда алған білімін қолданады; **С)** Сөйлемнің құрылымдық-мағыналық ерекшеліктерін талдап, ғылыми тұрғыда қорытынды жасайды; **Д)** Синтаксистік талдау нәтижелерін сауатты түрде ауызша және жазбаша жеткізеді; **Е)** Синтаксис саласындағы білімін тереңдетіп, зерттеу мен оқыту тәжірибесінде қолданады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті тарихы

Бағдарлама авторы: Мұхан А.Ж., аға оқытушы, магистр

Курсты оқытудың мақсаты: XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің даму үрдісін, көрнекті қаламгерлердің шығармашылық мұрасын, ұлт-азаттық идеялар мен ағартушылық бағыттың әдебиеттегі көрінісін тарихи-әдеби тұрғыда талдап, сол дәуірдегі әдеби процестің қоғамдық-рухани маңызын меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл пәнде жазба әдебиеттің ең бір өнімді де көркемдік ізденіске толы кезеңі - XX ғасыр бас кезіндегі қазақ әдебиетінің тарихы жүйеленеді. Аталмыш кезеңнің қазақ әдебиеті даму үрдісіндегі өзіндік орны, түрлі әдеби бағыттардың жазба әдебиеттің өркендеуіне қосқан үлесі қазақ қоғамындағы тарихи-әлеуметтік үдерістерімен бірлікте алынып қарастырылады.

Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті

Постреквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдеби шығармашылық

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетінің бағыттары мен көрнекті өкілдері туралы теориялық білім алады; **В)** Әдеби шығармаларды тарихи және идеялық контексте талдап, алған білімін талдау мен салыстыруда қолданады; **С)** Дәуір әдебиетінің көркемдік және идеялық ерекшеліктерін бағалап, ғылыми тұрғыда қорытынды жасайды; **Д)** Әдеби-тарихи деректер мен талдауларды сауатты жеткізіп, кәсіби тілде пікір білдіреді; **Е)** Зерттеу, талдау және оқу үдерісінде XX ғасыр басындағы әдеби мұраны тиімді пайдалана алады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Қ.Жұбанов - әдебиет және фольклор зерттеушісі

Бағдарлама авторы: Ұлықпанова Ә.Ж., аға оқытушы, магистр

Курсты оқытудың мақсаты: Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасын зерттеп, оның қазақ тілі мен әдебиетінің дамуына қосқан үлесін түсіну, сондай-ақ оның әдебиет пен фольклорға қатысты идеяларын қазіргі заманғы контексте бағалау. Студенттерге Жұбановтың шығармашылық жетістіктері мен ғылыми еңбектерін талдау арқылы олардың қазақ филологиясына қосқан маңызды үлесін таныту және оның зерттеу әдістерімен таныстыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Ғалымның рухани қазынасының мен ғибратты ғұмыр жолы, Қ.Жұбанов мұрасының ғылыми сипаты мен әлеуметтік маңызына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Қ.Жұбановтың озық ойлы көзқарасын танытатын зерттеулері «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы», «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» т.б. ғылыми зерттеулеріндегі фольклортану, әдебиеттану, түркітану мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары толыққанды түрде талданады.

Пререквизиттер: Ежелгі дәуір әдебиеті, 15-18 ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы, 19 ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы; ХХ ғасыр басындағы әдебиет.

Постреквизиттер: Жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және күзiреттiлiк талап ететiн пәндер.

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Қ.Жұбановты фольклор мен әдебиет зерттеушісі ретінде танытатын «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы жайлы», «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» атты ірі зерттеу еңбектерін оқып-білу, В) Профессор Жұбанов Құдайберген Қуанұлының абайтанудағы, яссауйтанудағы өзіндік орнына баға беру, С) Фольклор жинаушысы және әдебиет зерттеушісі ретінде тани білетін танымдық-білік қасиеттерін қалыптастыру. D) Қ.Жұбановтың этнографиялық суреттерге құрылған «Жайлауда», «Наурыз құтты болсын», «Ауылға хат», «Жаңа рамазан батасы» өлеңдерін, «Төрт қызық, мың бейнет, жарық ғұмыр памфлеті, «Таңжарықтың қуанышы» әңгімесі мен «Біз де ұлт театрына қарай маңдайладық», т.б. драмалық шығармаларға берген бағалы пікірлерін меңгеру, E) Қазақ баспасөзінің қалыптасуына негіз болған мақалалары туралы білімді меңгереді.

Дублин дискрипторлары:(А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Жасанды интеллект және цифрландыру

Бағдарлама авторы: Ұлықпанова Ә.Ж., аға оқытушы, магистр

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға жасанды интеллекттің негізгі қағидаттары мен цифрландыру технологиялары туралы жүйелі түсінік беру, оларды заманауи ақпараттық ортада қолдану дағдыларын қалыптастыру, сондай-ақ түрлі кәсіби салаларда интеллектуалды жүйелерді тиімді пайдалануға үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Жасанды интеллект пен цифрлық технологияларды пайдалануға байланысты студенттерді дайындау, қазақ әдебиетін оқытуда нейрондық желілерді және басқа да AI технологияларын құруды үйрету; Цифрлық платформаларды, онлайн курстарды, электронды оқулықтарды және оқу мен өзін-өзі тәрбиелеуге арналған басқа да электронды ресурстарды пайдалануды үйренеді.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті

Постреквизиттері: Әдеби шығармашылық, Аймақтық әдебиеттану

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А)Жасанды интеллект ұғымы, цифрландырудың бағыттары мен заманауи технологиялар туралы теориялық білім алады; В) Алған білімін ақпараттық жүйелер мен интеллектуалды технологияларды қолдану барысында пайдаланады; С) Цифрлық шешімдердің тиімділігін бағалап, жасанды интеллекттің этикалық және әлеуметтік аспектілерін талдайды; D)Ақпараттық-коммуникациялық құралдар арқылы өз идеяларын кәсіби тілде сауатты жеткізеді; E) Заманауи цифрлық ортада үздіксіз білім алу мен инновациялық ойлауды дамыту дағдыларын жетілдіреді.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Алаш әдебиеттануы

Бағдарлама авторы: Мұхан А.Ж., аға оқытушы, магистр

Курсты оқытудың мақсаты: Алаш қозғалысы қайраткерлерінің әдеби мұрасын жан-жақты зерттеу арқылы қазақ әдебиетінің дамуындағы рөлін ашу. Студенттерге Алаш әдебиетінің тарихи және мәдени құндылығын түсіндіру, олардың шығармашылық көзқарастарын, әдебиеттегі идеялық бағыттарын талдауға үйрету. Алаш зиялыларының қазақ ұлтының тәуелсіздігі мен рухани жаңғыруына қосқан үлесін айқындау. Пәнді оқыту барысында студенттер әдеби шығармаларды зерттеп, тарихи тұлғаларға қатысты сыни ойлау дағдыларын дамытады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің мақсаты ұлт тұтастығы идеясының әдебиет тарихындағы ең елеулі, маңызды, кезең ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде екендігін ұғындыру. Аталған кезеңдегі Қазақстандағы оқу-ағарту мәселелері; кітап басу ісінің жандануы; негізгі әдеби бағыттар; діни-ағартушылық ағымдағы ақындар және ағартушылық демократтық бағыттағы қаламгерлердің шығармашылығымен танысады. Алаш тақырыбының қазақ әдебиетіндегі маңызы, өміршеңдігі, дәстүр сабақтастығы, қолданылу ауқымы, таралу кеңістігі қарастырылады.

Пререквизиттері: Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті, ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) ХХ ғасырдың басындағы алаш әдебиеттанушыларының өмірі мен шығармашылық мұрасын біледі, олардың қазақ әдебиетіндегі рөлін түсінеді.

В) Бұл пән қазақ әдебиетінің ұлт-азаттық күрес кезеңіндегі маңызды кезеңін талдауға мүмкіндік береді. Алынған білімді тарихи және әдеби контекстте талдай отырып, қолдана біледі. С) Алаш зиялыларының әдеби шығармаларын, олардың идеологиялық және қоғамдық-саяси көзқарастарын, қазақ әдебиетіне қосқан үлестерін талдайды. D) Эссе, баяндамалар жазу арқылы шығармашылық және сыни ойлау қабілеттерін дамытады, E) Алаш әдебиетінің қазақ мәдениеті мен қоғамына әсерін бағалап, тарихи және қазіргі заманғы маңызын бағалайды.

Дублин дискрипторлары:(А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Шешендік өнер

Бағдарлама авторы: Ұлықпанова Ә.Ж., аға оқытушы, магистр

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға шешендік өнердің тарихы, теориясы мен түрлері туралы жүйелі түсінік беру, сөз мәдениетін жетілдіру арқылы ойды әсерлі жеткізу, аудиториямен еркін қарым-қатынас орнату және кәсіби риторикалық дағдыларды қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс барысында студенттерге халық әдебиеті тарихындағы шешендік өнердің алатын орны туралы білім беріледі. Түркі тектес халықтар көне жазба ескерткіштердегі шешендік сөз туралы пікірлерді зерделейді. Ертедегі би-шешендердің сөз сөйлеу өнеріне қатысты ой-пікірлерді жүйелей алады, «Жеті жарғы» заңы, ондағы шешендікке байланысты баптармен танысады. Билер сөзі және қазақтың шешендік өнері туралы ғылыми тұрғыдан толық мәлімет игереді.

Пререквизиттері: ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Алаш әдебиеттануы

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Шешендік өнердің тарихы мен негізгі қағидаттары туралы теориялық білім алады; В) Алған білімін ауызша және жазбаша сөйлеу тәжірибесінде қолданады; С) Шешендік сөздің мазмұны мен құрылымына талдау жасап, көркем сөйлеудің тиімді тәсілдерін бағалайды; D) Қоғамдық және кәсіби коммуникацияда ойын дәл, әсерлі және мәдениетті түрде жеткізеді; E) Риторикалық дағдыларын үздіксіз дамытып, шешендік өнерді кәсіби қызметінде тиімді қолдана алады.

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Ауызекі дискурстың зерделенуі мен тәжірибесі

Бағдарлама авторы: Айтбенбетова А.Қ., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға ауызекі дискурс ұғымының теориялық негіздерін меңгерту, оның құрылымдық, прагматикалық және мәдени ерекшеліктерін талдауға үйрету, сондай-ақ тілдік қарым-қатынаста ауызекі сөйлеудің тиімді стратегияларын тәжірибе жүзінде қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курстың мақсаты – ауызекі дискурстың зерделену ерекшеліктерін меңгерту арқылы қарым-қатынастың сәттілігін қамтамасыз етуге үйрету. Негізгі мазмұны келесідей тақарыптарды қамтиды: дискурс терминінің мәні, оны талдаудың, зерттеудің қажеттілігі, әңгімелесу, сөз, дискурстың арақатынасы және сөйлесу арқылы берілетін ойдың әлеуметтік астарына үңілу. Сондай-ақ, «Сөйлемдегі тіл» мен «Әрекеттегі тіл» арақатынасын да қарастырады. Билік, білім, тәжірибе және әлеуметтік шындық құрылысын меңгереді.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Нормативті қазақ тілі,

Постреквизиттері: Жалпы тіл білімі, Стилистика және тіл мәдениеті

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Ауызекі дискурстың табиғаты, құрылымы және зерттеу бағыттары туралы теориялық білім алады; В) Алған білімін сөйлеу жағдаяттарын талдауда және қарым-қатынас тәжірибесінде қолданады; С) Ауызекі дискурстың коммуникативтік және мәдени қырларын бағалап, ғылыми тұрғыда қорытынды жасайды; D) Тілдік қатынаста өз ойын мазмұнды, мәдени және кәсіби деңгейде еркін жеткізеді; E) Ауызекі сөйлеу мәдениетін жетілдіріп, дискурстық талдау мен зерттеу дағдыларын кәсіби тәжірибеде қолданады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Журналистикаға кіріспе (Minor)

Бағдарлама авторы: Айтбенбетова А.Қ., ф.ғ.к., доцент

Оқыту мақсаты: : (оқу бағдарламасына сәйкес) Білім алушыларға журналистиканың қоғамдағы рөлі мен функцияларын, ақпараттық саясат пен БАҚ қызметінің негізгі қағидаттарын таныстырып, журналистік материалдарды әзірлеу мен талдау дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: "Журналистикаға кіріспе" пәні студенттердің танымдық-әдіснамалық бағытын, қоғамдағы журналистиканың рөлін, ақпараттық қызметтің табиғатын, журналистік қызметтің ерекшеліктерін, журналистиканың функциялары мен принциптері, оның әсерлілігі мен тиімділігі, қазіргі блог мәтіндерінің әлеуметтік аспектілері туралы нақты түсініктерін қалыптастыруға; журналистік мамандықты құжаттық-әдеби және ұйымдастырушылық шығармашылықтың ерекше нысаны ретінде дәлелдеудің теориялық және практикалық дағдыларын белсенді әдістер арқылы қалыптастыруға бағытталған.

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Шешендік өнер

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Журналистиканың теориялық негіздері мен әлеуметтік мәні туралы білім алады; В) Ақпарат жинау, өңдеу және журналистік мәтін құрастыру дағдыларын тәжірибеде қолданады; С) БАҚ материалдарының мазмұнын, құрылымын және ықпал ету тетіктерін сыни тұрғыда талдайды; D) Кәсіби қарым-қатынаста ойын нақты әрі этикалық тұрғыда жеткізеді; E) Заманауи медиа кеңістікте үздіксіз білім алып, журналистік шеберлігін жетілдіреді.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Тележурналистика (Minor)

Бағдарлама авторы: Иманғазина А.А. ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: (оқу бағдарламасына сәйкес) Білім алушыларға тележурналистиканың табиғаты, жанрлық ерекшеліктері мен кәсіби талаптарын меңгерту, телевизиялық хабар дайындау, мәтін жазу және бейнематериалмен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Пәнді оқу барысында студенттер журналистің негізгі кәсібімен танысады, оның ерекшеліктері, қиындықтары, мамандықтың маңыздылығы игереді. Теле, радио және интернет журналистиканы қоса алғандағы журналистика

түрлерін меңгереді. Репортаж түрлері, оны жасау ережелері; кадрдағы журналистің жан-жақтылығы; сұхбат жүргізушінің шеберлігі; жұмыс түрлері; интернеттен түсетін ақпаратпен жұмыс; қажетті ақпаратты ала білу; баспасөз қызметтерін тиімді ұйымдастыра білу шарттары туралы біледі.

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Шешендік өнер

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдеби шығармашылық

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Тележурналистиканың негізгі ұғымдары, жанрлары және даму бағыттары туралы теориялық білім алады; В) Алған білімін телехабар сценарийін жазу мен эфирлік материал дайындауда қолданады; С) Телевизиялық контенттің мазмұнын, құрылымын және аудиториялық әсерін талдайды; D) Кәсіби коммуникацияда ойын анық, бейнелі және эфир мәдениетіне сай жеткізеді; E) Тележурналистика саласында шығармашылық қабілетін дамытып, заманауи технологияларды тиімді пайдалана алады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: «Қоғаммен байланысқа» кіріспе

Бағдарлама авторы: Имангазина А.А., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: : (оқу бағдарламасына сәйкес) Білім алушыларға қоғаммен байланыс (PR) саласының теориялық негіздерін, оның қоғамдағы рөлі мен функцияларын меңгерту, ұйым имиджін қалыптастыру мен коммуникациялық стратегияларды жоспарлау дағдыларын үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курс барысында студенттер қоғаммен байланыстың (PR) және коммуникациялардың алдыңғы қатарлы жетістіктері, классикалық және сандық PR-құралдарын қолдана білуді меңгереді; PR-жобаларды жүзеге асыру дағдылары негізінде құзыреттіліктерін қалыптастырады. Қазақстанда және халықаралық нарықта жұртшылықпен байланыс жөніндегі мамандармен, имиджмейкерлермен, брэнд-менеджерлермен, продюсерлермен, SMM-мамандармен, контент модераторларымен, аккаунт-агенттермен одан әрі жұмыс істеу үшін медиарилешнз, сандық PR, SEO бойынша тұрақты практика арқылы қоғаммен байланыс жасауға үйренеді.

Прекреквизиттер: «Ұлттық руханият», «Қазақ халық ауыз әдебиеті», «Әдебиеттануға кіріспе».

Постреквизиттер: «Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы», «Мультимедиялық журналистика», «Интернет-журналистика», «Жаңа медия жұмысын ұйымдастыру».

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Қоғаммен байланыс ұғымы, принциптері және негізгі бағыттары туралы теориялық білім алады; В) Алған білімін коммуникациялық стратегиялар мен PR жобаларын әзірлеуде қолданады; С) Ақпараттық саясат пен қоғамдық пікір қалыптастыру тетіктерін талдап, олардың тиімділігін бағалайды; D) Кәсіби қарым-қатынаста PR тілі мен әдістерін сауатты пайдаланады; E) Қоғаммен байланыс саласындағы кәсіби дағдыларын дамытып, заманауи медиаортада тиімді жұмыс істей алады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы (Minor)

Бағдарлама авторы: Айтбенбетова А.Қ., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: : (оқу бағдарламасына сәйкес) Білім алушыларға паблик рилейшнздің (PR) теориялық негіздері мен практикалық аспектілерін меңгерту, қоғам мен ұйым арасындағы тиімді коммуникация орнату, бедел мен имидж қалыптастыру тетіктерін үйрету.

Пәннің қысқаша мазмұны: Паблик рилейшнз институтының жұмыс істеу теориясы мен тәжірибесі, принциптері, әлеуметтік-экономикалық және саяси дамуындағы рөлі туралы білім беру, жобаларды табысты іске асыру үшін алынған білімді пайдалана білуге үйрету, қоғамдық пікірді қалыптастыру, оған ықпал ете білуді үйрету, коммерциялық қызметке

PR негізгі қағидаттарын енгізуді үйрету, қалыптастыруға бағытталған нәтижелі ұйымның (фирманың) имиджін жоспарлау, ұйымдастыру және өткізу механизмдерін меңгерту.

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Алаш әдебиеттануы

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Паблик рилейшнздің теориясы, қағидаттары және қоғамдағы рөлі туралы білім алады; B) Алған білімін ұйым имиджін қалыптастыру мен PR стратегияларын әзірлеуде қолданады; C) Қоғамдық пікір мен коммуникациялық үдерістерді талдап, олардың тиімділігін бағалайды; D) PR саласындағы кәсіби терминдер мен тәсілдерді дұрыс қолданып, ойын нақты жеткізеді; E) Паблик рилейшнз саласында шығармашылық және аналитикалық дағдыларын дамытып, кәсіби қызметінде тиімді пайдалана алады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Қазіргі қазақ әдебиеті

Бағдарлама авторы: Сұлтанғалиева Ж.С., фил.ғыл. канд., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: : (оқу бағдарламасына сәйкес) Білім алушыларға қазіргі қазақ әдебиетінің даму бағыттары мен көркемдік ізденістерін таныту, заманауи әдеби үдерістің идеялық-эстетикалық ерекшеліктерін талдау және ұлттық әдебиеттегі жаңашылдық тенденцияларын бағалау дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазіргі қазақ әдебиеті пәнін оқуда студенттер тәуелсіздік алған жылдардағы ұлттық әдебиеттегі көркемдік қуаты ерен, парасат-пайымдау толғамы терең ерекше шығармалардың генезисі, стилистикасы, поэтикасы, сөз өнерпазының көркемдік-философиялық дүниетанымы, жанрлық, тақырыптық, тілдік-стильдік, тағылымдық-танымдық ерекшеліктері, адам-табиғат-көркем туынды қарым-қатынастарын игереді. Қаламгерлердің көркемдік ізденістері, әдеби туындылардың танымдық және тағылымдық мәні, орны, маңызы, ұлттық сипаты туралы біледі.

Пререквизиттері: Алаш әдебиеттануы, Шешендік өнер

Постреквизиттері: Әдебиет теориясы, Әдеби шығармашылық

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Қазіргі қазақ әдебиетінің негізгі өкілдері мен бағыттары туралы теориялық білім алады; B) Алған білімін көркем шығармаларды талдау мен интерпретациялауда қолданады; C) Заманауи әдебиеттегі идеялық, эстетикалық және жанрлық ерекшеліктерді бағалап, ғылыми қорытынды жасайды; D) Әдеби талдау нәтижелерін сауатты жеткізіп, кәсіби тілде пікір білдіреді; E) Қазіргі әдеби үдерісті зерттеу мен оқыту тәжірибесінде шығармашылық және сыншыл ойлау дағдыларын дамытады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Стилистика және тіл мәдениеті

Бағдарлама авторы: Мұратбек Б.Қ., фил.ғыл. канд., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: (оқу бағдарламасына сәйкес) Пән мақсаты студенттерге тіл мәдениеті мен стилистика туралы жүйелі теориялық білімді игеруді көздейді, оны тәжірибе жүзінде жүзеге асыруға негізделеді. Бұл пәнді оқытуда студенттерге лингвистикалық стилистиканың бағыттары және негізгі ұғымдары туралы, әсіресе функциональдық стильдер мен тіл ярустарының стилистикалық мүмкіндіктері туралы білім беріледі, кез-келген мәтіннің қай стильге жататынын ажырата білуге үйретеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Стилистика және тіл мәдениеті» ғылымының теориялық, қолданбалы, прагматикалық негіздерімен таныстыра отырып, қазақ әдеби тілінің мәдениеті мен стилистикалық құралдары, стильдік тармақтары туралы мәлімет беріледі. Стиль түрлерін ажыратудың жолдарын оқытып, меңгертеді. Қазақ әдеби тілінің функциональды (мақсатты) стиль түрлері, классификациялау, дәстүрлі классификация, жалпы және жеке тіл біліміндегі бағыт-бағдары бойынша кең түрде мәлімет беріледі.

Пререквизиттері: Тіл біліміне кіріспе, Құрмалас сөйлем синтаксисі

Постреквизиттері: Жалпы тіл білімі, Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Тіл мәдениеті және стилистикасын игеру жолында студент өзінің білімін, стилистикалық талдау дағдысын, іскерлік қабілетін дамытып, ана тілінің қасиетін тереңінен таниды. В) Пәнді оқытуда студенттерге лингвистикалық стилистиканың бағыттары және негізгі ұғымдары туралы меңгереді, С) Функциональдық стильдер мен тіл ярустарының стилистикалық мүмкіндіктері туралы білім беріледі, Д) Кез-келген мәтіннің қай стильге жататынын ажырата білуге үйретеді. Е) Құрмалас сөйлемдерді толық талдай алатын болады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінің тарихы

Бағдарлама авторы: Мұхан А.Ж., аға оқытушы, магистр

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму бағыттарын, тақырыптық-идеялық мазмұнын, көрнекті қаламгерлердің шығармашылық ерекшеліктерін таныту және осы дәуір әдебиетінің тарихи-рухани маңызын түсіндіру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Курсты оқу барысында студенттер Ұлы Отан соғысы және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиеті тарихындағы көрнекті өкілдердің шығармашылығымен танысады. XX ғасырдың 40-80 ж.ж. әдебиет өкілдерінің көркем шығармаларын, оқу-ағарту, мәдениет саласының түрлі мәселелеріне арналған еңбектерін жан-жақты қамти отырып, олардың қазіргі заманғы әдебиетімізде алатын орнын зерделеу, әдеби туындылардағы қоғамдық, тарихи мәселелердің көрінісін ажырата алуға үйренеді.

Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті

Постреквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Соғыс және соғыстан кейінгі жылдардағы қазақ әдебиетінің негізгі бағыттары мен өкілдері туралы теориялық білім алады; В) Алған білімін сол кезең шығармаларын тарихи және идеялық тұрғыда талдауда қолданады; С) Әдеби шығармалардың көркемдік-эстетикалық сипатын бағалап, ғылыми тұрғыда қорытынды жасайды; Д) Әдеби-тарихи деректер мен талдау нәтижелерін сауатты жеткізеді және кәсіби тілде пікір білдіреді; Е) Ұлы Отан соғысы мен кейінгі дәуір әдебиетін зерттеу мен оқыту тәжірибесінде тиімді пайдалана алады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Менеджмент және көшбасшылық

Бағдарлама авторы: Айтбенбетова А.Қ., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға менеджмент пен көшбасшылықтың теориялық негіздерін, басқару үдерістерінің принциптері мен әдістерін меңгерту, тиімді команда құру және шешім қабылдау қабілеттерін дамыту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Бұл курс басқару мен көшбасшылық жөнінде білімдер кешені мен көшбасшылық дағдыларды қалыптастырады. Пәнді игеру барысында менеджмент пен көшбасшылық теориясы, басқару әдістері мен функциялары, басшылық пен билік стилдері, көшбасшылық қызметтің заңдылықтары мен оны жүзеге асырудың механизмдері, команда құру және коммуникация, басқарушылық шешімдер, мотивация, жанжалдарды және өзгерістерді басқару, көшбасшы имиджі сұрақтары қарастырылады.

Пререквизиттер: Әдебиеттануға кіріспе, Тіл біліміне кіріспе

Постреквизиттер: Қазіргі қазақ әдебиеті, Әдебиет теориясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

А) Менеджменттің негізгі ұғымдары мен қағидаларын түсіну. В) Көшбасшылық қабілеттерін дамыту. С) Ұйымдық мәселелерді талдай және шеше білу. Д) Тиімді команда

құра білу және басқару. Е) Стратегиялық шешімдер қабылдай білу. Ұйымның мақсаттарына жетуге қабілетті болу.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Неология саласының негіздері

Бағдарлама авторы: Қарағұлова Б.С., ф.ғ.к., доцент

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға неология ғылымының теориялық негіздерін, жаңа сөздердің жасалу жолдары мен тілдік жаңару үдерісін меңгерту, қазіргі қазақ тіліндегі неологиялық қабатты талдау және оны кәсіби салада қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақ тіліндегі жаңа атаулар туралы, оны зерттейтін сала туралы ғылыми теориялық білім беру, неология саласының пәні бойынша материалдарды ақпараттық-технологиялық тұрғыда талдай біледі және білім мен ақпаратты игереді, неология саласының негіздері пәні бойынша практикалық тұрғыда талдау жасай біледі; неология саласының негіздері пәні бойынша теориялық білімді игеріп, практикалық дағды алады; аударма, терминология мәселелері бойынша зерттеу жүргізе біледі.

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ тілінің жай сөйлем синтаксисі, Құрмалас сөйлем синтаксисі

Постреквизиттері: Жалпы тіл білімі, Әдебиет теориясы

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) Неология ұғымы, жаңа сөздердің жасалу тетіктері мен түрлері туралы теориялық білім алады; B) Алған білімін жаңа лексикалық бірліктерді анықтау және талдау барысында қолданады; C) Қазақ тіліндегі неологиялық үрдістерді бағалап, олардың тіл дамуына әсерін ғылыми тұрғыда қорытындылайды; D) Тілдің жаңару құбылыстарын талқылауда кәсіби терминдерді дұрыс пайдаланып, ойын нақты жеткізеді; E) Неология саласындағы зерттеу дағдыларын жетілдіріп, тілдік жаңалықтарды кәсіби қызметінде тиімді қолдана алады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: XX ғ. II ж. қазақ әдебиетінің тарихы (1960-1990 жж.)

Бағдарлама авторы: Жұмағалиева Р.Р., аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Білім алушыларға XX ғасырдың екінші жартысындағы (1960–1990 жж.) қазақ әдебиетінің даму бағыттарын, көркемдік ізденістерін, қаламгерлер шығармашылығын және сол кезеңнің әлеуметтік-мәдени контекстін меңгерту.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақ әдебиетінің тарихындағы маңызды да күрделі кезең болып табылатын XX ғасырдың 1960-1990 жж. әдеби процесс пен әдебиет тарихы туралы хронологиялық ұстанымды сақтай отырып, әдебиеттану ғылымының қол жеткізген табыстары турасында студенттерге толық, тиянақты білім беріледі. Әр түрлі ауқымды тақырыптарға арналған көркем туындылардың өзіндік ерекшеліктері мен маңызы, өзіндік сипаты, дәстүр жалғастығы кеңінен оқытылады.

Пререквизиттері: XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы, Ежелгі дәуірдегі қазақ әдебиеті

Постреквизиттері: Әдеби шығармашылық, Қазақ әдебиетіндегі тарихи проза

Оқытудан күтілетін нәтижелер:

A) XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің идеялық-көркемдік бағыттары мен өкілдері туралы теориялық білім алады; B) Алған білімін дәуір шығармаларын тарихи, идеялық және эстетикалық тұрғыда талдауда қолданады; C) Әдеби процестің ерекшеліктерін, жазушылар шығармашылығын және қоғаммен байланысын бағалап, ғылыми тұрғыда қорытынды жасайды; D) Әдебиет тарихына қатысты талдау нәтижелерін сауатты жеткізіп, кәсіби тілде пікір білдіреді; E) XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдебиетінің даму заңдылықтарын зерттеу мен оқыту тәжірибесінде тиімді пайдалана алады.

